

Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарландыру

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесі «Кселл» АҚ Жылдық жалпы жиналысын өткізу күнін белгіледі.
Алматы, 19-сәуір 2013ж. «Кселл» АҚ «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің бастамасымен шақырылатын акционерлердің Жылдық жалпы жиналысының 2013 жылдың 24 мамырында Алматы уақыты бойынша сағат 11:00-де, Royal Tulip Almaty қонақүйінде келесі мекенжай бойынша өтетінін хабарлайды: 050020, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., М. Оспанов к-сі, 401/2.

ЖЖЖ үшін ұсынылатын күн тәртібі:

1. Кселл акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысы кандидатураларын сайлау және оларға дауыс беру. Дауыс беру формасын анықтау.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
3. Шот комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерін анықтау, сондай-ақ оның мүшелерін сайлау.
4. Кселл аудиторын бекіту.
5. Кселл жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
6. Қоғамның есептік қаржылық жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін бекіту.
7. «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

ЖЖЖ-ға қатысқылары келетін акционерлер үшін тіркеуден өту үшін жергілікті уақытпен 10:00 келу қажет. Қатысушылар өздерімен бірге жеке бастарын растайтын куәліктерін ала келулері керек. Сенімді тұлғалар дауыс беру құқығымен қатысуға берілген сенімхат көрсетулері қажет.

ЖЖЖ қатысушыларының тізімін жасау күні: 24 сәуір 2013 жыл (Алматы уақыты бойынша сағат 00:00). Бірінші жиналыстың өтпеген жағдайында «Кселл» АҚ жалпы жиналысын қайта өткізу күні және уақыты: 27 мамыр 2013 жыл, 11:00.

Кселл акционерлері ЖЖЖ күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен materialsgm@kcell.kz электрондық мекенжайына немесе «Кселл» АҚ атқарушы органына Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Самал-2 ықш., үй 100 мекенжайына сұраным мен акционер мәртебесін растайтын құжат жолдау арқылы таныса алады. ЖЖЖ бойынша барлық материалдармен акционерлердің танысулары үшін жиналыстың өтетін күніне дейінгі он күннен кем емес мерзім бұрын танысуға болады. Сәйкес сұраным болған жағдайда материалдар сұраным алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жолданады. Құжаттардың көшірмелерін дайындау мен құжаттардың жеткізілуіне шығындарды акционер көтереді.

Сұранымдар үшін:

Кселл

Инвесторлармен байланыс

Ирина Шоль

Тел: +7 727 2582755, қос. 1205

Investor_relations@kcell.kz

Тел: +7 727 2582755

Халықаралық БАҚ

College Hill

Тел: +44 207 457 2020

Леонид Финк, Тони Френд, Кей Ларсен

